



Бекітемін
№ 8 «Күншығар» бөбекжай
Балабақша меңгерушісі
С.Ж. Алтаевна
2025ж

«Жұлдыз» мектепалды тобы

Ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.

Мақсаты: Балалардың жан-жақты дамуы үшін ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату. Отбасылық тәрбиені балабақша тәрбие процесімен ұштастыру. Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру және балалармен сапалы уақыт өткізуге жағдай жасау.

P/c	Іс – шаралар тақырыбы	Өткізілу кезеңі	Жауапты
1	Тәрбие тал бесіктен басталар» атты ата – аналар жиналысы. 1.Ата – аналарды 2025 – 2026 оқу-жылының жоспары мен таныстыру. 2.Баяндама: «Тәрбие – отбасынан басталады» 3. Ата – аналар комитетін сайлау. 4« Сабан той» жәрменкесі	Қыргүйек	Әдіскер: Атығаева А.Т. Медбике: Шакенова Г. Тәрбиеші: Оксикпаева А.К Нұрлыбаева М.Б.
2	Қазан айы 1. Ашық есік күнін ұйымдастыру. 2. 25-қазан Қазақстан Республикасының рәміздер күніне арналған ертеңгілік.	Қазан	Тәрбиеші: Оксикпаева А.К Нұрлыбаева М.Б.
3	1.Пікіргалас: «Тіл дамытудың маңызы: отбасы мен балабақшаның рөлі» Балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған әдістерді талқылау. 2.Кеңес: «Баланың эмоциялық әлемі: ата-ананың рөлі» Баланың сезімдерін түсіну және дұрыс бағыттау туралы кеңестер.	Қараша	Тәрбиеші: Оксикпаева А.К Нұрлыбаева М.Б.
4	«Жаңа жыл – жаңа үміт, жаңа міндет» атты, ата-аналар жиналысы. 1.І- жарты жылдық қортынды. 2.Қолөнер шеберханасы: «Жасыл шырша жанында...» Ата-аналармен бірге жаңа жылдық әшекейлер жасау. 3.Мерекелік іс-шара: «Жаңа жылдық ертегі». Ата-аналармен бірге балаларға арналған қойылым ұйымдастыру.	Желтоқсан	Медбике: Шакенова Г Тәрбиеші: Оксикпаева А.К Нұрлыбаева М.Б.

5	<p>Қаңтар айы</p> <p>1.Жеке әңгімелесу: «Жаңа жылдық жетістіктер: ата-аналармен бірге талдау» Балалардың дамуын талқылау.</p> <p>2.Сауалнама: «Сіздер балабақшадан не күтесіздер?» Ата-аналардың пікірлерін жинақтау.</p> <p>3.«Жеткіншек жасына дейінгі бала психологиясы»</p>	Қаңтар	Тәрбиеші: Оксикпаева А.К Нұрлыбаева М.Б.
6	<p>1. Табиғатты аялайық.</p> <p>2. Табиғат бұрышындағы әдемі гүлдер.</p> <p>3.Ата –аналармен бірлескен жұмыстар.</p>	Ақпан	Тәрбиеші: Оксикпаева А.К Нұрлыбаева М.Б.
7	<p>1. Ашық есік күнін ұйымдастыру. « 8-наурыз Аналар мерекесіне » арналған ертеңгілік</p> <p>2. «Қош келдің әз наурыз» Ата-аналармен біре наурыз мерекесін өткізу.</p> <p>3. « Қазақтың ұлттық тағамдары »</p>	Наурыз	Тәрбиеші: Оксикпаева А.К Нұрлыбаева М.Б.
8	<p>1.Кеңес: «Салауатты өмір салтын балаға қалай үйретеміз?»</p> <p>2. «Баланы қауіпті жағдайлардан сақтандыру жолдары»</p> <p>3.Сауалнама жүргізу</p>	Сәуір	Тәрбиеші: Оксикпаева А.К Нұрлыбаева М.Б.
9	<p>«Біз, бір жасқа есейдік» атты, ата-аналар жиналысы.</p> <p>1. II- жарты жылдық қорытындысы.</p> <p>2.Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беріп жылды қорытындылау.</p> <p>3.Баяндама « Балабақша –біздің үй» Ата-аналар комитетінің есебі.</p>	Мамыр	Тәрбиеші: Оксикпаева А.К Нұрлыбаева М.Б. Ата-ана комитеті. Мықтыбаева Ә.

Тәрбиеші: Оксикпаева А.К

Нұрлыбаева М.Б.

«Тәрбие тал бесіктен басталар»

Мақсаты: Ата-ана мен тығыз байланыста болуға, Бала тәрбиесі мен қауіпсіздігіне жауапкершілікті білуді, тәрбие от басынан басталатынын түсіндіру

1. Кіріспе бөлім

1. Әуен арқылы еденге жапсырылған «Көңілді пішіндер» арқылы вальс билеп кіру.
2. Жылулық шеңбері «Жылы лебіз» (Жүрекше арқылы) әдісі арқылы жаңадан келген ата-аналар өздерін таныстырып, жүрекшені бір адам келесіге беріп тұрып, оған жылы лебіздерін білдіреді.
3. Әдіскер, медбикеге мамандарына сөз беру.
4. Ата – аналарды
2025 – 2026 оқу-жылының жоспары мен таныстыру.

5. Баяндама: «Тәрбие – отбасынан басталады»

Ата – аналар комитетін сайлау.

6. Ашық есік күнін ұйымдастыру.

«Сабан той» жәрменкесі

7. Әр түрлі мәселелер

8. «Өз балаңызды көзінен таныңыз» көңілді ойын

9. Қортынды: «Гүл күлтешесі арқылы балаларға жылы тілектер жазу»

10. Тәрбиешінің ата-аналарға деген кішкене сыйы (открытка, шоколад)

2. Негізгі бөлім

Ата-аналар есіктен кіргенде еденге жапсырылған пішіндермен әуен мен билету арқылы қабылдау.

Жылулық шеңбері

Ата-аналарды, шаттық жылулық шеңберіне тұрғызу. Әр ата-ана өз есімін айтады, қасындағы кісіге жүрекшені беріп жылы лебіздерін білдіріп шығады.

Құрметті ата-аналар сіздерді 2025-2026 жылдың жаңа оқу жылымен құттықтаймыз. Қатарымызға жаңадан қосылып жатқан ата-аналарға қош келдіңіздер демекпіз.

Медбикеге, әдіскер мамандарымен таныстырып сөз беру.

Биылғы оқу жылындағы жоспарлармен таныстыру, үлгілік стандартқа сай жұмыс жүргізілетіндігін атап өту.

.Баяндама: «Тәрбие – отбасынан басталады»

Балабақшаның ішкі жұмыс жоспарымен таныстыру. Ата-аналардың жылдық жоспары, күн тәртібі, балалар тазалығы, ас мәзірі, ата-ана комитетін сайлау және келісім шартпен таныстыру

Ситуациялық сұрақтар. Ата-аналарға бала тәрбиесі бойынша ситуациялық сұрақтар қою.

Сол қолмен жазу әдісі (Ата-аналарға тапсырма)

«Балаңызды көзінен таныңыз» ойын

Ата – аналар комитетін сайлау.

. Ашық есік күнін ұйымдастыру.

«Сабан той» жәрменкесінің жоспарымен таныстыру.

Енді ата-аналар, жиналысымызды қорытындыламай тұрып сіздер балаларыңызға жақсы тілектеріңізді жазып қалдырсаңыздар.

Ата-аналарға (алдын ала дайындалған открыткалар, конфеттер сыртында жылы сөздері бар, алғыстары б

ар) беріледі

Қорытынды сөз:

Ендеше ата-аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер оған үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңіз үшін алғысымды айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегіміз келеді. Сау болыңыздар!

«Жаңа жыл – жаңа үміт, жаңа міндет»

Мақсаты:

Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту;
Алдағы оқу кезеңіндегі жоспарлармен таныстыру;
Бала тәрбиесі мен дамуындағы ата-ананың рөлін күшейту.

Кіріспе бөлім

1. Ата-аналарды қарсы алу, жиналыс тақырыбын таныстыру.
2. I- жарты жылдық қортынды.

3. Қолөнер шеберханасы: «Жасыл шырша жанында...» Ата-аналармен бірге жаңа жылдық әшекейлер жасау.

4. Мерекелік іс-шара: «Жаңа жылдық ертегі». Ата-аналармен бірге балаларға арналған қойылым ұйымдастыру.

Тәрбиешінің құттықтау сөзі: Жаңа жылмен құттықтап, баланың даму жолындағы бірлескен жұмыстың маңызын атап өту.

Негізгі бөлім

Ата-аналарды табан іздеріне жазылған сөздерді оқып кіру арқылы қарсыалу.
Жылулық шеңберіне тұрып жүрекшені беру арқылы, бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдіру.
I- жарты жылдықты қортындылау, 5 дағды бойынша балалардың жетістіктерімен таныстыру, әр балаға жеке тоқталып кету (қысқаша)

Қолөнер шеберханасы: «Жасыл шырша жанында...» Ата-аналармен бірге жаңа жылдық әшекейлер жасау. Ата-аналарға балаларымен бірлесе отырып жасайтын жұмыс пен таныстыру.

Алдағы келе жатқан жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілігіміздің жоспарымен таныстыру. Оған киетін киімдерінің біркелкі болуына және сценарий бойынша киінетіндерін түсіндіру.

«Бала дамуы – бірлескен міндет» (ата-ана мен тәрбиешінің рөлі);

Толтың екінші жартыжылдық жоспары, алда өтетін іс-шаралармен таныстыру;

. Бала тәрбиесінде кездесетін қиындықтар туралы пікір алмасу.

Топпен жұмыс / сұрақ-жауап

«Менің баламның болашағы» тақырыбында ата-аналар ойын ортаға салады;

Жеке сұрақтарға жауап беру. |

| Қорытынды |

Ата-аналарға алғыс айту;

Алдағы бірлескен жұмысты жоспарлау;

Тәрбиешінің тілегі: «Жаңа жыл – жаңа үміт, бірге жететін жаңа белес болсын!» |

«Біз, бір жасқа есейдік»

Мақсаты:

Балалардың бір оқу жылы ішіндегі даму жетістіктерін көрсету;
Ата-аналармен бірлесе жүргізілген тәрбиелік жұмыстарға баға беру;
Келесі кезеңге (мектепалды дайындық, мектепке көшу т.б.) бағыт беру.

Кіріспе бөлім:

1. II- жарты жылдық қорытындысы.
2. Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беріп жылды қорытындылау.
3. Баяндама « Балабақша –біздің үй»

Ата-аналар комитетінің есебі.

Тәрбиешінің құттықтауы: «Биылғы оқу жылында балаларымыз бір жасқа есейіп, көп нәрсені меңгерді. Бұл – сіз бен біздің ортақ еңбегіміз».

«Бір жыл бұрын кішкентай ғана бүлдіршіндер еді, бүгін – ойы терең, тілі анық, қадамы нық ересектерге айналды».

Негізгі бөлім |

Ата-аналарды қарсы алу. Балалардың фотосуреттері мен жетістіктерінен тұратын шағын слайд-шоу көрсету (музыкамен).

II- жарты жылдық қорытындысы бойынша, балалардың білім деңгейлерімен таныстыру. Әр дағды бойынша жеке-жеке тоқталу. Қай дағдыны жақсы меңгермеді сол бойынша жұмыстар жүргізілгендігі туралы түсіндіру.

2025–2026 оқу жылы бойынша бекітілген жылдық жоспарға сәйкес балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, оқу-тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру, ата-аналармен өзара тығыз байланыс орнату бағытында кешенді жұмыстар жүргізілді.

Жыл бойы негізгі үш бағыт бойынша жұмыс атқарылды:

Білім беру және тәрбиелеу

Дамытушы орта құру және бала дамуын бақылау

Ата-аналармен жұмыс

«Бала дамуының бір жылы: жетістіктер мен өзгерістер»

– Тәрбиелік, танымдық, сөйлеу, шығармашылық, моторикалық дағдылар бойынша даму көрсеткіштері;

– Әр баланың жеке жетістігін атап өту

Баяндама « Балабақша –біздің үй»

Ата-аналармен пікірлесу:

– «Баламыздың бойындағы оң өзгерістер»

– «Не ұнады? Нені дамыту қажет деп есептейсіз?» |

| . Қорытынды бөлім |

– Балалардың шағын құттықтау бейнежолдауы

– Тәрбиеші тарапынан алғыс сөз: «Бір жыл бойы бірге болғандарыңыз үшін рахмет. Бұл – үлкен жолдың басы ғана»;

Баяндама

«Тәрбие – отбасынан басталады»

Құрметті ата-аналар! Қымбатты әріптестер!

Бүгінгі жиналысымызда өте маңызды әрі өзекті мәселені – бала тәрбиесінің отбасынан басталатынын бірге талқылағалы отырмыз.

Халқымызда «Баланы жастан», «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Тәрбие – тал бесіктен басталады» деген аталы сөздер бекер айтылмаған. Себебі баланың ең алғашқы ұстазы – ата-анасы. Оның алғашқы сөзі, алғашқы қадамы, қоршаған ортамен алғашқы қарым-қатынасы – барлығы отбасында қаланатыны белгілі.

Отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктері:

Бала тұлғасының негізі отбасында қалыптасады.

Баланың мінез-құлқы, өз-өзіне деген сенімі, айналасына деген көзқарасы ең алдымен ата-ананың үлгісінен бастау алады.

Бала – үлкендердің айнасындай.

Ата-ананың сөзі, іс-әрекеті, бір-бірімен қарым-қатынасы бала үшін үлгі. Сол себепті біз баладан қандай тәртіп күтсек, соны өзіміз көрсетуіміз қажет.

Мейірім мен махаббат – тәрбиенің негізі.

Балаға берілетін ең бірінші тәрбие – ол сүйіспеншілік пен сенім. Жан жылуын көрген бала ғана айналасына жақсылық жасай алады.

Отбасы мен балабақша арасындағы байланыс – табысты тәрбиенің кепілі.

Тәрбиешілер мен ата-аналар бірігіп жұмыс істегенде ғана баланың дамуына оң әсер ете аламыз.

Бала тәрбиесінде ата-анаға арналған кеңестер:

Баламен жиі сөйлесіп, оны тыңдауға үйреніңіз;

Оның сұрақтарына жалықпай жауап беріңіз;

Тәртіпті талап еткенмен, жылы сөзден айырмаңыз;

Баланың кішкентай жетістіктерінің өзін бағалап, мақтап отырыңыз;

Қателескен кезде ұрыспай, сабырмен түсіндіріңіз.

Қорытындылай келе, әр баланың бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуы – отбасы мен тәрбиешілердің бірлескен еңбегінің жемісі. Біз бәріміз – ата-ана да, тәрбиеші де – бір мақсат жолындамыз: саналы, тәрбиелі, адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиелеу.

Сөзімді Елбасымыздың мына бір сөзімен аяқтағым келеді:

«Бала тәрбиесі – барша халықтық іс»

Назарларыңызға рахмет!

Баяндама

Тақырыбы: «Балабақша – біздің үй»

Мақсаты: Балабақшаның бала дамуындағы, тәрбие мен білім беру ісіндегі маңызын ашу, ата-аналармен бірлесе жұмыс істеудің мәнін түсіндіру.

Құрметті ата-аналар, әріптестер!

«Балабақша – біздің үй» деп бекер айтылмаған. Өйткені бала таңертең көзін ашып, ата-анасынан кейін барған, өмірге алғашқы қадам жасаған, көп нәрсені үйренген, достар тапқан мекені – ол балабақша. Бұл тек тәрбие мен білім ордасы ғана емес, **баланың екінші үйі, тәрбиешісі – екінші анасы** іспеттес.

Балабақша – баланың тұлға ретінде қалыптасуына негіз қаланатын, өмірге бейімделудің алғашқы баспалдағы. Мұнда бала алғаш рет өзі секілді балалармен қарым-қатынас орнатады, өз ойын жеткізуді, ережелерге бағынуды, үлкендерді тыңдауды үйренеді. Мұның барлығы да — кейінгі өміріне қажетті **әлеуметтік және танымдық дағдылардың** бастамасы.

Неліктен балабақша — «біздің үй»?

Жылулық пен қамқорлықтың мекені.

Балабақшада әрбір тәрбиеші баланың психологиялық және эмоционалдық жай-күйіне ерекше мән береді. Мұнда бала өзіне сенімді болуды, мейірімділік пен сүйіспеншілікті үйренеді.

Қызықты орта – белсенді даму.

Түрлі ойындар, шығармашылық жұмыстар, мерекелер мен жобалар арқылы баланың қабілеттері ашылады. Ол өзін танып, дарынын дамытуға мүмкіндік алады.

Ұжыммен өмір сүруді үйренеді.

Үйде тек ата-анамен араласатын бала, балабақшада түрлі мінезді, түрлі отбасынан шыққан балалармен бірге болуға үйренеді. Бұл — оның болашақ өмірге бейімделуіне үлкен көмек.

Ата-ана мен балабақша – бірлескен еңбек.

Тәрбиенің сапалы болуы — ата-ана мен тәрбиеші арасындағы өзара сенім мен түсіністікке тікелей байланысты. Біз сіздермен бірлесіп, балаға бақытты балалық шақ сыйлай аламыз.

Қорытынды:

Бала үшін балабақша — ойын орталығы ғана емес, өмір мектебі. Ал біз үшін — әр баланың жан-дүниесін танып, оның бойындағы жақсы қасиеттерді шыңдайтын киелі шаңырақ. Сондықтан да біз мақтаньшпен:

«Балабақша – біздің екінші үйіміз!» — деп айта аламыз.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

№ 8 «Күншуақ» бобекжай-балабақшасы

МКҚК-ны

«Жұлдыз» мектепалды тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №1

Қатысқаны: 14

Қатыспағаны:6

Себепті 5

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Топтағы ата-аналарды биылғы оқу жылындағы өзгерістермен таныстыру.
2. Баяндама «Тәрбие – отбасынан басталады»
3. Ата-аналар комитетінің мүшелеін жаңарту

Тыңдалды:

А. Оксикпаева ата-аналарды «Көңілді пішіндер» арқылы қабылдады.Ата-аналар өте жақсы көңіл күйде болды.

.Содан кейін ата-аналармен жылулық шеңберіне тұрып, «Жылы лебіз» әдісін қолдану арқылы әр ата-ана өздерін таныстырып, жүрекшені бір адам келесіге беріп тұрып,оған жылы лебіздерін білдірді.

Тәрбиеші ата-аналарды орындықтарға отыруын сұрады.

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Оксикпаева сөз алды. Ендігі кезекте биылғы оқу жылында мектепалды топтардағы оқу стандартқа сай балаларға білім беретіндігі және мектепалды даярлық сыныптармен айырмашылықтарын атап өтті. Ұйымдастырылған оқу іс әрекетін, жас ерекшеліктеріне байланысты үлгілік стандартқа сай өткізілетінін және жазу, математика негіздеріне арналған жұмыс дәптерлері мен де жұмыс жүргізілетіндігін атап өтті.

Әдіскер А. Атыгаеваға сөз беріледі. Биылғы оқу жылында екінші тәрбиеші ауысқанын хабарлап, жаңа тәрбиеші Нурлыбаева Маржан Балмухановна мен таныстырады. Биылғы оқу жылына сәттілік тілейді. Келесі сөз кезегін медбике Г. Шакеновнаға береді, медбике балалардың тазалығы мен денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауларын сұрайды. Қысқыша түрде бала денсаулығына мәліметтер айтылды.

А. Оксикпаева баяндама мен таныстырады. Баяндама «Тәрбие – отбасынан басталады» , баяндама бойынша ата-аналар өз пікірлерін білдіреді.

Келесі сөзді М. Нурлыбаеваға беріледі. Балабақшаның ішкі жұмыс жоспарымен таныстыру (ата-аналардың жылдық жоспары,күн тәртібі,балалар тазалығы,ас мәзірі,ата-ана коммитетін сайлау және келісім шартпен таныстырып өтті.



Ситуациялық сұрақтар. Ата-аналарға бала тәрбиесі бойынша ситуациялық сұрақтар қойылып,жауап алынды.

Сол қолмен жазу әдісі (Ата-аналарға тапсырма)
«Балаңызды көзінен таныңыз» ойыны

Сіздермен тағы бір ойын өткізсек « Баланың көзінен таны" деп, ата-аналардан балаларының көздерінің суретінен тануларын сурады. Қызықты да көңілді болды. Бұрынға ата-ана комитетінің төрайымы балабақшадан баласының кеткендігіне байланысты жұмысын жалғастыра алмайды, сондықтан жаңа төрайым сайлауларын сұрады. Ата-аналар бір ауыздан, ата –ана комитеттің төрайымы Мықтыбаева Әсел деп шешті. Көмекшілері Қожаш Айжан мен Жампеисова Диана болатын боп шешті. 8. Қорытындылай келе А. Оксикпаева ата-аналардан жиналыстан алған әсерлерін, жылы лебіздерін гүл күлтешелеріне жазып, жақсы лебіздерін, алғыстарын айтты. Тәрбиешілер де ата-аналарға өзінің алғысы ретінде арнап жасаған открыткасын, тәтті шоколады мен берді

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындалсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы Мықтыбаева Әсел болсын.

Төрайымы:  Ә. Мықтыбаева
Хатшы:  М. Нурлыбаева

Ата-аналар комитетінің мүшелері

Р/С	Аты-жөні	Жұмыс орыны	Мекен-жайы	Телефон номері
1	Мықтыбаева Әсел Сайсауланқызы	Декреттік демалыста	Гарынкер 7, кп 37.	87788433171
2	Қожап Айжан Қайратқызы	АО «Қаспий банкі» кассир-контрольер	Мүшелтой 25А, кп 34	87075159215
3	Жамписова Диана Ержановна	ИП «Диана и КО»	6-7-37	87018831555